

ҚАЗАҚ ТІЛІ ФОНЕТИКАСЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Байкабилов Усербай

*Ғылыми жетекші: Шыршық мемлекеттік педагогикалық университетінің
ұстазы*

Қазакова Барно Мақсад қызы

*Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті, «Қазақ тілі және
әдебиеті» факультетінің I курс студенті*

Аннотация: адам баласының тілі – дыбыстық тіл. Тіл дыбыстары - әрбір тілдің өмір сүруінің тәсілі. Егер сөздер дыбыстардың өз ара тіркесі түрінде айтылмаса, тіл қатынас құралы да, пікір алысу құралы да бола алмас еді. Тілдің дыбыстық жағы оның замандар бойында өмір сүруіне, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруына мүмкіндік жасайды.

Кілтті сөздер: абстракция; комбинация; лексика; қатынас; грамматикалық; форма; фонетика; омоним; морфология; синтаксис; ішкі флекция.

Тілдің дыбыстық жағы – сөздер мен грамматикалық тәсілдердің өмір сүруінің формасы болып танылады. “Сөздік пен грамматикалық құрылыс тілдің мазмұнын құрайды да, дыбыстық жағы оның материалдық жамылғышын, оның физикалық формасын құрайды деп белгілі дәрежеде айтуға болады”.

Тіл дыбыстары, әдетте, сөз ішінде айтылады. Бірақ белгілі бір дыбыс арнаулы бір сөздің құрамында қолданылумен шектеліп қоймай, көптеген сөздердің құрамында қолданыла береді. Тілдің лексикасын құрастыратын сан мыңдаған сөздер дыбыстық жағынан алғанда, ондаған дыбыстардың әр түрлі комбинацияларынан құралған. Осы тұрғыдан алғанда, дыбыс белгілі бір сөзге байланып қоймай, одан белгілі дәрежеде оңашаланып, нақтылы сөздерден абстракцияланады. Бұған тілдегі дыбыстық заңдылықтардың барлық сөздерге бірдей қатысты бола келуі дәлел бола алады. Мысал ретінде түркі тілдерінде сөздердің алғашқы буынындағы ерін дауыстының әуеніне қарай, екінші буынында да ерін дауыстысының айтылу заңдылығын немесе орыс тілінде барлық сөздерде дауысты дыбыстың ашық буынында созылыңқы айтылу заңдылығын және т.б. дыбыстық заңдылықтарды атауға болады.

Тілдегі лексикалық және грамматикалық құбылыстар тіл дыбыстарымен, тілдің дыбыстық жүйесіндегі фонетикалық құбылыстармен әрдайым байланыста, қарым-қатынаста болады. Лексикалық элементтер болсын, грамматикалық элементтер болсын, белгілі бір дыбыспен немесе дыбыстардың тіркесімен айтылады, сол арқылы өмір сүреді. Мұнымен бірге

тілдің дыбыстық жағының өзіне тән қасиеттері мен ерекшеліктері және әр түрлі заңдары болады, сондықтан тіл дыбыстары, дыбыс заңдары тіл білімінің арнаулы бір саласы – фонетиканың зерттеу нысаны болып саналады.

Фонетика – тіл дыбыстары және дыбыс заңдарымен ғана шектеліп қоймайды. Тіл дыбыстары, олардың құрамы, тілдегі дыбыстардың өзгеру заңдылықтары туралы мәселелер фонетикада, әрине, маңызды орынға ие болады. Алайда, тіл дыбыстары туралы мәселенің фонетикада басты орынға ие болуы фонетиканың басқа да маңызды нысандарының болуын жоққа шығармайды. Дыбыстарды зерттеу мен дыбыстық тілдің басқа да мәселелерін, мысалы, буын, екпін, пауза, интонация мәселелерін қарастыру өз ара тығыз байланысты болады. Оның үстіне тіл дыбыстары мен буын, екпін туралы ілім тілдің жазба түріне тікелей қатысы бар. Жазудың теориясы сөйлеудің деректеріне, тіл дыбыстарының фактілеріне негізделеді. Сонымен, фонетиканың зерттейтіндері – тілдің барлық жағдайларында және қызметінде көрінетін дыбыстық құрамдары мен тәсілдері, тілдің дыбысталу түрі мен жазба түрінің арасындағы байланыстар.

Фонетика лингвистика ғылымының арнаулы бір саласы бола отырып, тілдің лексикасымен де, грамматикасымен де астарласып, байланысып жатады. Бұлай болатындығы фонетикалық құбылыстар мен жағдаяттар тілдегі сөздерден тыс емес, қайта әрдайым сөздердің ішінде болады, ал б сөздер грамматикамен де тығыз байланыста, әрқашан қарым-қатынаста болады. Омонимдерді қоспағанда, тілдегі сөздер бір-бірінен дыбыстық айырмашылықтары арқылы ажыратылады. Әр түрлі тілдердегі сөздердің дыбыстық жағының ұқсас жақтары болумен қатар, кейбір жақтары мен өзіне ғана тән ерекшеліктері де болады. Мысалы, түркі тілдері мен фин-угор тілдерінде сөздердің басында дауыссыз дыбыстардың тіркесіп келмеу ерекшелігіне сай, бұл тілдерде екі немесе үш дауыссыздың тіркесінен латын төл сөздері кездеспейді.

Фонетика грамматика саласының морфология саласымен де, синтаксис саласымен де байланысады. Морфология сөздердің өзгеру, түрлену ережелерін белгілей отырып, фонетиканың қағидаларынан аулақ кете алмайды. Дыбыстардың алмасуы морфологиялық қызмет атқаруы да мүмкін. Дыбыстардың алмасуы құбылысы грамматикалық тәсіл ретінде морфологиялық қызмет атқарған жағдайда ішкі флекция деп аталады. Бірсыпыра тілдерде дыбыстардың алмасу құбылысы түгелімен грамматикаға жатқызылуы жайдан-жай емес.

Фонетика синтаксиспен байланысы мынадай жайлардан көрінеді: сөйлемдердің әрбір түрі өзіне тән интонациямен айтылады. Сөйлем пауза, фразалық екпін және методика арқылы мүшеленеді. Фонетиканың тарихи фонетика деп аталатын саласының тілдердің тарихи даму жолдарын танып

білуде, этимология мен тарихи грамматикаға қатысты мәселелерді зерттеп шешуде, тілдердің туыстастығын және олардың ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын айқындауда тигізер көмегі де, атқаратын қызметі де айрықша.

Тіл дыбыстарын және оларға тән заңдылықтарды зерттеудің теориялық мәні атап айтқанда, мынада: дыбыстық өзгерістерді, олардың заңдылықтарын есепке алмай тұрып, лексикалық құбылыстардың да, грамматикалық құбылыстардың да шығу төркінін, өзгеріп дамуын ашып айқындау, соған орай, лексиканың да, грамматиканың да ғылыми тарихын жасау мүмкін болмаған болар еді. Демек, тілдің замандар бойындағы тарихи даму барысының түрлі дәуірлеріндегі дыбыстық өзгерістерді, оның заңдылықтарын зерттеу мәселесі тіл білімінде өте-мөте маңызды мәселе болып саналады. “Тарихи фонетикасыз тарихи-салыстырмалы грамматика, тарихи тіл білімі болмаған болар еді. Фонетиканың арқасында ғана тіл білімі өте-мөте дәлме-дәл қоғамдық ғылымдардың бірі бола алды десек, асыра айтқандық болмас еді”.

Фонетиканың практикалық жақтан да үлкен мәні бар. Фонетиканың практикалық мәні әр саладан да көрінеді. Мектептерде дұрыс оқытудың да, дұрыс жаздырудың да методикасының көптеген мәселелері фонетикаға енгізіледі. Сауаттылыққа үйрету тілдің жазба түрі мен ауызша түрінің арқасындағы айырмашылықтар мен күрделі байланысты бірдей ескерген жағдайда ғана нәтижелі болмақ. Тілдің орфографиясы мен орфоэпиясына қатысты алуан түрлі мәселелерді оқып меңгеру, ең алдымен, тілдің дыбыстық жүйесін, ондағы жеке дыбыстардың табиғаты мен фонетикалық заңдарды жете білуді қажет етеді.

Бұрын жазуы болмаған халықтардың алфавиті мен графикасын жасау, сондай-ақ бұрыннан жазуы бар халықтар тілдерінің орфографиясын өңдеп жетілдіре түсу тәрізді практикалық мәселелер фонетикаға арқа сүйеудің негізінде шешіледі. Радиохабарлар мен көпшілікке арналған лекцияларды оқу тілдің орфоэпиялық нормаларын жете білуді талап етеді. Ал әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын айқындап белгілеу фонетиканың практикалық басты мәселелерінің бірі болып саналады.

Фонетика ғылым ретінде жалпы фонетика және жеке фонетика болып бөлінеді. Жеке фонетика белгілі бір тілдің дыбыстық құрамын, ондағы дыбыс заңдарын зерттейді. Ол зерттеудің мақсатына қарай сипаттама (синхрониялық, статикалық) фонетика және тарихи (диахрониялық) фонетика болып бөлінеді. Сонымен, фонетика - қазіргі қазақ тіл білімінің басты саласы болып табылады. Фонетика зерттейтін нысаны жағынан да, қарастыратын мәселесі жағынан да тіл білімінің басқа бөлімдерінен ерекшеленіп отырады. Қазіргі қазақ тілінің фонетика саласы тілдің дыбыстық құрамын және оның жүйелі заңдарын тексереді.



ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Аралбаев Ж. Вокализм казахского языка. А. 1970
2. Бектұров Ш. Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы, «Атамұра», 2006
3. Жүнісбеков А. Сингорманизм в казахском языке. А.. 1980
4. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1998
5. Күзекова З, Құрманбетұлы Ж, Жусанбаева С. «Қазақ тілі оқу құралы» Алматы «Қазақ тілі» 1998 ж.

